



ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Баланың ойлау мен сөйлеуінің негізі
(бірінші бөлім)





Бұл дәрісте негізгі назарды баланың ойлау мен сөйлеуінің генезисіне, Выготский Лев Семеновичтің осы саладағы негізгі зерттеулерінің қорытындыларына аударатын боламыз.

Алдыңғы дәрісте В.Келер және Р.Иеркстің зерттеулері туралы айттық. Выготский осы зерттеулердің қорытындысын назарға ала отырып келесі ерекшеліктерді атап өткен:

Біріншіден: шимпанзенің ең қатты аффективті қозуы кезінде өте айқындала түсетін анық эмоциялы қимыл-қозғалысы мен сөйлеудің байланысы адам тектес маймылдардың ешқандай ерекшелігін білдірмейді. Керісінше, бұл дыбыс аппаратын меңгерген жануарларға тән ортақ белгі. Осы анық дыбыс реакцияларының формасы адамның сөйлеуінің пайда болуы мен дамуының негізінде жатыр.

Екіншіден: эмоциялы күйлер, әсіресе аффективті күйлер шимпанзе сөйлеуінен көп байқалады және интеллектілі реакциялардың қызметіне мүлдем жағымсыз мінез-құлық сферасын білдіреді. Келер эмоциялы, әсіресе аффективті реакцияның шимпанзенің интеллектілі әрекетін мүлдем бұзатындығын көп айтады.

Үшіншіден: шимпанзенің сөйлеуінің қызметі эмоциялы жағымен жойылмайды әрі бұл адам тектес маймылдың сөзіндегі ерекше қызметті білдірмейді, сонымен бірге олардың сөзін басқа да жануарлар тілімен жақындатады және адам сөзінің қызметіне сай келетін генетикалық түп тамырын құрайды.

Сөйлеу тек қана айқын-эмоциялы реакция емес, ол — өзінің тектестерімен психологиялық байланыс жасау құралы деген ойды Выготский ерекше атап өтеді. Келер бақылауға алған маймылдар сияқты, Иеркс пен Лернед бақылауға алған шимпанзе де сөйлеудің осы қызметін меңгеруіне күмән тудырмайды. Алайда қатынас жасаудың бұл қызметі де ақыл-ой реакциясымен, яғни жануардың ойлауымен ешқандай байланысы жоқ. Бұл барлық эмоциялы симптомокомплекстің айдай анық әрі сөзсіз бөлігін құрайтын, бірақ оның бөлігі биологиялық және психологиялық көзқарас тұрғысынан басқа да аффективті реакциялардан бөлек қызмет атқаратын эмоциялы реакция болып табылады. Бұл реакция қандай да бір нәрсеге ниеттелген, ұғынылған, мәлімет немесе сондай әрекет те емес. Мәні бойынша — бұл инстинктивті реакция немесе оған өте жақын нәрсе дейді автор.

Сөйлеудің бұл қызметінің мінез-құлықтың ежелгі биологиялық қатарына жататындығы мен жануарлар қауымдастығында басқарушы беретін оптикалық және есту белгілерімен генетикалық жақындықта жатқандығына күмән келтіруге болмас. Сол кездері К.Фриш «аралар тілін» зерттеуінде байланыс пен қарыс-қатынас қызметін атқарушы мінез-құлықтың өте қызықты әрі теориялық тұрғыда өте маңызды түрлерін суреттеген екен. Бұл түрлердің ерекшелігі мен олардың сөзсіз инстинктивті шығу тегіне қарамастан, олар да мінез-құлқының табиғатына орай шимпанзенің сөзбен байланысына жақындығын мойындамауға болмайды дейді автор. Осыдан кейін сөйлеу байланысының ақыл-ойдан тәуелсіздігіне күмән келтіруге болмас.

Выготскийді филогенетикалық дамудағы ойлау мен сөйлеудің арасындағы қатынас қызықтырды. Осыны анықтау үшін Выготский адам тектес маймылдардың тілі мен ақыл-ойына жүргізілген эксперименттік зерттеулер мен бақылаулардың талдауына жүтінген. Выготский өзінің жасаған қорытындылар мен мәселені әрі қарай талдауға қажетті негізгі қорытындыларды қысқаша былай тұжырымдаға:

Ойлау мен сөйлеудің генетикалық түп тамыры әр түрлі.

Ойлау мен сөйлеудің дамуы бір-бірінен тәуелсіз түрде түрлі жолмен жүреді.

Бүкіл филогенетикалық даму барысында ойлау мен сөйлеудің арасындағы қатынас тұрақты шамада болмайды.

Антропоидтар адам тектес (немесе адамға тән) интеллекті бір қатынастарда (құралды пайдаланудың бастамасы), ал адам тектес сөйлеуді басқа қатынастарда (сөйлеудің фонетикасы, эмоциялық қызмет және сөйлеудің әлеуметтік қызметінің бастамасы) көрсетеді.

Антропоидтар адамға тән — ойлау мен сөйлеу арасындағы тығыз қатынасты көрсетпейді.

Ойлау мен сөйлеудің филогенезінде біз интеллект дамуындағы сөйлеуге дейінгі фаза мен сөйлеудің дамуындағы интеллектіге дейінгі фазаны күмәнсіз белгілей аламыз.

Онтогенезде ойлау мен сөйлеудің даму жолының қатынасы өте шырмалған әрі анық емес. Алайда бұл жерде де онтогенез бен филогенездің параллельдігі немесе олардың арасындағы одан да күрделі қатынас туралы сұрақты бір жаққа қалдыра тұрып, ғалымдар ойлау мен сөйлеудің дамуындағы



түрлі жолдар мен түрлі генетикалық түп тамырын тапқан. Выготский әлі сөйлей алмайтын балаға сәйкес модификациямен Келердің шимпанзеге жүргізген тәжірибелері жүргізіп көрді.

Келердің өзі де зерттеуінде салыстыру үшін баланы қатыстырып отыратын. К.Бюлер осыған қатысты баланы жүйелі түрде зерттеді. Өз тәжірибелері туралы айта отырып, «Баланың әрекеттері шимпанзе әрекеттеріне өте ұқсас болады, сондықтан да бала өмірінің осы фазасын шимпанзетектес жас деп атауымызға әбден болады», — дейді ол. Сол сәтте баланың жасы 10, 11, 12 айды қамтиды. Шимпанзетектес жасында бала аса қарапайым болып келетін, бірақ рухани мағынада өте маңызды, алғашқы жаңалықтарын ашады.

Бұл тәжірибелердің шимпанзеге жүргізілген тәжірибелер сияқты теориялық тұрғыдан маңызы — бұл интеллектілі реакциялар бастамаларының сөйлеуден тәуелсіздігі. Осыны белгілей отырып, Бюлер: «Адамның қалыптасуының басында сөйлеу түр деп айтылады, бірақ оған дейін әлі де болса құралды ойлау, яғни соңғы жаттанды мақсаттарға арналған жаттанды біріктірулерді түсіну мен жаттанды шараларды ойлап табу түр немесе, қысқартып айтсақ, сөйлеуге дейін әрекет субъективті ұғынылған, яғни бәрібір саналы-мақсатты қамтыған болады», — дейді.

Баланың дамуында сөйлеудің ақыл-ойға дейінгі түп тамыры осы зерттеулерге дейін анықталған болатын. Айқай, былдыр, тіпті баланың алғашқы сөздері де ақыл-ойға дейінгі сатыдағы сөйлеудің дамуындағы айқын көрініс. Олардың ойлаудың дамуымен еш қатысы жоқ. Жалпылай қабылданған көзқарас баланың сөйлеуін бұл сатыда мінез-құлықтың ерекше эмоциялы түрі ретінде қарастырды. Сол кездегі зерттеулер, атап айтсақ, Ш.Бюлер мен басқалардың баланың әлеуметтік мінез-құлқының алғашқы түрлері мен бала өмірінің бірінші жылындағы реакцияларының құралдары және Г.Гетцер мен Тудер-Гарттың баланың адам дауысына нәресте кезіндегі реакциясы, бала өмірінің алғашқы жылдарында, яғни оның сөйлеуі дамуының ақыл-ойға дейінгі сатысында біз сөйлеудің әлеуметтік қызметінің бай түрде дамитынын табатынымызды көрсетті.

Баланың күрделі және кең түрдегі әлеуметтік қарым-қатынасы байланыс құралдарының өте ерте дамуына алып келеді. Бала өмірінің үшінші аптасында адамның дауысына білдіретін ерекше реакциялары (әлеуметтіктің алдындағы реакциялар) мен екі айлығында адамның дауысына деген әлеуметтік реакциясының бар екендігі сөзсіз бекітілді. Күлкі, былдыр, сілтеу, ым — осының барлығы бала өмірінің алғашқы айларында тепе-тең түрде әлеуметтік байланыс жасау шараларының ролінде жүреді. Осыған орай, бізге филогенезден таныс сөйлеудің екі қызметінің бала өмірінің бірінші жылдарында анық байқалғанын бақылаған.

Баланың ойлауы мен сөйлеуінің дамуы туралы мәселедегі ең маңыздысы: ерте жасқа (2 жастың аймағы) сай келетін ойлау мен сөйлеудің даму жолдары осы кезге дейін жеке дара болып келе жатып, белгілі бір мезетте айқасып, сәйкес келеді де, адамға тән мінез-құлықтың мүлдем жаңа түріне бастама беруінен тұрады. В.Штерн басқалардан бұрын баланың психикалық дамуындағы осы маңызды жағдайды жақсы сипаттап берді. Ол балада тілдің мәнін көмескі ұғынудан және оны меңгеруге ырқының қалай ояматынын көрсетті. Штерннің айтуынша, бала өмірдің осы кезеңінде аса үлкен жаңалықтар жасайды. Ол «әр заттың өзіне тән атауы бар екендігін» ашады.

Бұл сөйлеу интеллектілі, ал ойлау сөз түрінде болатын өтпелі кезең, сөйлеудің дамуында бұл өзгерістің болған немесе болмағанын және қалыптан ауытқыған немесе тежеліп даму жағдайын, қалыпты баланың дамуымен салыстырғанда, бұл кезеңнің уақыт бойынша қаншалықты ығысқанын сенімді түрде талдауға көмектесетін дәлме-дәл және объективті екі кезеңмен сипатталады.

Бірінші кезең бала басынан өткен өзгерістің арқасында әр жаңа зат туралы, оның қалай аталатынын сұрап, өзінің сөздік қорын белсенді түрде толықтыра бастауынан көрінеді.

Екінші кезең баланың белсенді сөздік қорының молаюының өте тез әрі түрде байи түсуінен тұрады.

Жануарлардың адамның кейбір сөздерін меңгеріп, оларды сәйкес жағдайларда қолданатыны белгілі. Бұл кезең басталғанға дейін бала да заттардың, адамдардың, әрекеттер мен күйлерінің және ниеттердің шартты стимулдары болып табылатын арнайы сөздерді меңгереді. Алайда бұл кезеңде бала айналасындағы адамдардан берілген сөздерді ғана біледі. Жаңа затты көре тұрып, бала оның қалай аталатынын сұрайды. Бала өзі сөзді қажетсінеді де, атау мен хабарлауға белгі болып келетін сол затқа жататын белгіні меңгеруге белсенді түрде ұмтылады. Э.Мейман айтқандай, баланың сөйлеуінің дамуындағы бірінші кезең өзінің психологиялық мәні бойынша аффективті-ырықты болып келсе, онда екінші кезеңнен бастап сөйлеу дамудың интеллектілі кезеңіне өтеді. Бала бұл жерде сөйлеудің символдық таңбалық қызметін ашқандай болады.



«Осы қазір ғана сипаттаған процесті», — дейді Штерн, — еш күмәнсіз баланың ойлау іс-әрекеті ретінде анықтауға болады, бұл жерде баладан байқалатын белгі мен мағынаның арасындағы қарым-қатынасты түсіну, ойдағы бейнелер мен олардың ассоциацияларын жай ғана қолданып қою емес, ол таңғаларлықтай принципті түрде өзге, ал қандай да бір заттың өз атауы болуы тиіс деп талап ету баланың алғашқы (бастапқы) жалпы түсінігі деп санауға болады деген қорытындыға келеді. Ойлау мен сөйлеудің қиылысуы жолында алғаш рет ойлау мен сөйлеудің мәселесін тудыратын түйін басталады. Выготский «бала өміріндегі ұлы жаңалық ашу» деген нәні білдіреді және Штерннің талқылауы дұрыс па деген сұрақ қояды.

К.Бюлер бұл жаңалықты шимпанзенің ойлап тапқандарымен салыстырады. «Бұл жағдайды қалай талдасақ да болады, бірақ шешуші пункте шимпанзенің ойлап тапқандарымен психологиялық параллельдік табылып отырады. Осы ойды К.Коффка да әрі қарай дамытады. «Атау функциясы, — дейді ол шимпанзеінің ойлап табуымен параллель жүретін байланысты табатын баланың ойлап табуы, жаңалығы. Біз осы соңғылардың құрылымды әрекет екенін байқадық, яғни соған орай атаудан да құрылымды әрекетті байқайтын болармыз. Таяққа жемісті алу ниетіне кіргені тәрізді, сөз де заттың құрылымына кіреді, — деп айтқан болар едік» дейді автор.

Баладағы сөздің сигнификативті қызметі мен шимпанзенің таяқшаны құрал ретінде қолданудың функциялық қызметін ашуы арасындағы ұқсастық қаншалықты дәрежеде сенімді, осы әрекеттер бір-бірінен қалай ажыратылатындығы туралы біз ойлау мен сөйлеудің арасындағы функциялы және құрылымды қарым-қатынасты анықтау барысында қарастырған. Осы ретте Выготский Лев Семенович өз қорытындыларын қысқаша келесідей тұжырымдайды.

Ойлау мен сөйлеудің онтогенетикалық дамуында да осы екі процестің түп тамырының әр түрлі болатындығын таптық,

Бала сөйлеуінің дамуында біз “интеллектілікке дейінгі кезеңді», сол сияқты ойлаудың дамуында “сөйлеуге дейінгі кезеңді” күмәнсіз белгілей аламыз.

Белгілі уақытқа дейін осы екі даму бір-бірінен тәуелсіз түрде, түрлі жолдармен жүреді.

Белгілі пункте екі жол қиылысады да, ойлау — сөз түрінде, ал сөйлеу интеллектілі болады.

Ойлау мен сөйлеу арасындағы күрделі де талас тудыратын теориялық сұрақты қалай шешсек те, ойлаудың дамуы үшін ішкі сөйлеу процестерінің мәні зор екенін мойындауымыз қажет дейді Выготский.

Біздің ойлауымыз үшін ішкі сөйлеудің мәні өте зор, тіпті көптеген психологтар оларды бір-бірімен теңестіріп те жатады. Олардың көзқарасы бойынша, ойлау дегеніміз — тежелген кешіктірілген, бөгелген үнсіз сөйлеу. Алайда психологияда сыртқы сөйлеудің ішкіге айналуы қалай жүретіндігі де, осы маңызды өзгерістің қай жаста болатындығы, ол неге байланысты жасалады және оның генетикалық сипаттамасының қандай екендігі, оның қалай жүретіндігі анықталмаған.

Ойлауды ішкі сөйлеумен теңестіруші Д.Уотсон «балалар өзінің сөйлеуінің қай нүктесінде ашық сөйлеуден сыбырлауға, одан кейін жасырын сөйлеуге ауысатындығын» білмейміз деп белгіледі және бұл сұрақтың “жай кездейсоқ зерттелгенін» айтты. Д.Уотсонның қойған сұрағы Выготскийге қате сияқты болып көрінеді. Ішкі сөйлеудің дамуы тек жаттанды (механикалық) жолмен, яғни сөйлеудің біртіндеп дыбысынан айырылу жолымен жүреді, сыртқы (ашық) сөйлеуден ішкі (жасырын) сөйлеуге ауысу сыбырлау, яғни жартылай ақырын сөйлеу арқылы жүреді деп санауға ешқандай орынды негіз жоқ дейді автор. Бала біртіндеп ақырын сөйлей бастап, соңында осы процестің нәтижесінде дыбыссыз сөйлеуге көшуі мүмкін болар ма екен? Басқаша айтқанда, біз бала сөйлеуінің генезисінде (пайда болуында) сырттай (ашық) сөйлеу — сыбырлау — ішкі сөйлеуден тұратын кезеңдер бірізділігін жоққа шығаруға бейімбіз деп ойын жалғастырады. Выготскийдің айтуы бойынша Уотсонның болжамдары фактілік жағынан да аз негізделген.

Выготскийдің зерттеуі бойынша:

1) сыбырлап сөйлеу құрылымдық жағынан дауыстап сөйлеуден, қандай да болмасын, айтарлықтай өзгерістер мен ауытқуларды көрсетпейді, ең бастысы — ішкі сөйлеуге қатысты бетбұрысқа тән өзгерістер табылмайды;

2) функциялық жағынан да сыбырлап сөйлеу ішкі сөйлеуден аса қатты ажыратылады және оған ұқсас белгілер де табылмайды;

3) генетикалық жағынан сыбырлап сөйлеу өте ертерек пайда болуы мүмкін, бірақ ол мектеп жасына дейін өздігінен аяқ асты пайда болу сипатына ие.

Выготский Уотсонның тезисін мақұлдайтын ең бір мәселе ғана мәселемен келіседі: әлеуметтік



талаптардың қысымына орай, үш жасында бала қинала отырып және аз уақытқа ақырын дауыспен сөйлеу мен сыбырлап сөйлеуге көшетіндігі.

Выготскийдің Уотсонның пікіріне тоқтауымызға оның көзқарасының шамадан тыс таралуы және ойлау мен сөйлеу теориясына (өзі ұсынған) сай болуы немесе пікірінің мәселенің генотиптік қарастырылуын фенотиптік қарастырылуына барлық көрнекілікпен қарама-қарсы қоюға көмектесуі себеп болған жоқ, ең бастысы — жағымды реттіліктің себебі болды.

Сыртқыдан ішкі сөйлеуге өтпелі процесті швейцар психологы Пиаже суреттеген — баланың эгоцентрилік сөйлеуінен байқауға болады. А.Леметр мен басқа да авторлардың мектеп жасындағылардың ішкі сөйлеуіне жүргізген бақылаулары да осы туралы айтады. Бұл бақылаулар мектеп оқушысының ішкі сөйлеуі әлі де болса қалыптаспаған, ал бұл өз кезегінде біздің алдымызда әлі де генетикалық тұрғыдан жас әрі жеткілікті түрде қалыптасып анықталмаған процестер тұрғандығын білдіреді дейді автор.

Осыған орайда, Выготский эгоцентрилік сөйлеу экспрессивті және дәрежелік функциясынан басқа, бала белсенділігімен бірлесе жүреді, жеңіл ғана нағыз ойлау бола алады, яғни ол мінез-құлықта пайда болатын жаңа тапсырманы жоспарлаушы және шешуші функциясын да өз мойнына жүктейтіндігін айтады. Эгоцентрилік сөйлеу — бұл өзінің қызметі бойынша ішкі, өзіне арналған, ішкіге кету жолындағы, айналасындағыларға жартылай тусініксіз, баланың мінез-құлқына терең бойлаған әрі физиологиялық тұрғыда әлі де болса сыртқы, сыбырлап сөйлеуге немесе басқа да дыбыссыз сөйлеуге айналу бетбұрысы жоқ сөйлеу болып табылады.

Онда біз сөйлеу неге ішкі болады? Бұл сұраққа Выготский оның қызметі өзгеруіне байланысты сөйлеу ішкі болады деген жауап береді. Соған орай, қатты сөйлеу, сыбырлап сөйлеу және дыбыссыз сөйлеу деген үш сатының орнына, біз сыртқы сөйлеу, эгоцентрилік сөйлеу және ішкі сөйлеу деген басқа үш сатыны ұсынады. Сонымен бірге ішкі сөйлеудің жанды түрде құрылымдық және функциялық ерекшеліктерін, қалыптасуы сияқты маңызды мәліметтерді зерттеу мүмкіндігіне және осы барлық ерекшеліктерге зерттеу жүргізуге болатындай әрі сыртқы сөйлеуді өлшеуге болатындай объективті тәсілге де қол жеткізген. Выготскийдің зерттеулері, осы тұрғыда сөйлеудің — мнемотехникалық есте сақтау, есептеу процесі немесе белгіні қолданудың интеллектуалды әрекеті сияқты белгілерге сүйенетін психикалық әрекеттердің дамуына бағынатын жалпы ережелерді көрсетті. Выготский даму негізгі келесі кезеңдерден өтетін анықтады.

Бірінші кезең — қандай да болмасын әрекет, мінез-құлықтың қарапайым сатысында қалыптасқан түрінде кездесетін қарапайым, табиғи кезең. Бұл кезеңге, жоғарыда атап өткен, интеллектуалдық дейінгі сөйлеу мен сөйлеуге дейінгі ойлау сәйкес келеді. Онан кейін практикалық (тәжірибелік) интеллект аймағындағы зерттеушілердің «аңғал физика» деп атауына ұқсас «аңғал психология» кезеңі деп шартты түрде атайтын кезең болды. Бұлай деп олар, жануар немесе баланың өзінің денесі мен оны қоршаған заттардың, объекті мен құралдардың физикалық ерекшеліктері аймағындағы және баланың құралды пайдалануы мен оның тәжірибелік ақылының алғашқы әрекеттерін анықтайтын аңғал тәжірибені атайды. Бала мінез-құлқының даму сферасынан да Выготский осыған ұқсатады. Бұл жерде де бала пайдаланатын маңызды психикалық әрекеттердің қасиетіне қатысты негізгі аңғал психикалық тәжірибе қалыптасады. Алайда, тәжірибелік әрекеттердің даму сферасындағыдай, бұл жерде де баланың аңғал тәжірибесі әлі де жетілмеген, сондықтан психикалық қасиет, стимул мен реакцияларды адекватты түрде пайдалана алмауға алып келеді. Сөйлеудің даму аймағында бұл кезең баланың барлық сөйлеуінің дамуында өте нақты белгіленген және грамматикалық құрылымдар мен түрлерін меңгеру, сол түрлерге сәйкес логикалық құрылымдармен әрекеттерді меңгеруден бұрын жүретіндігінен көрінеді. Бала себептілік, мезгілді, шартты қарым-қатынастар мен қарама-қарсы қоюларды және т.с.с. меңгеруден бұрын, бағыныңғы сөйлемдер мен «себебі», «егер», «қашан», «керісінше» немесе «бірақ» деген сияқты сөз түрлерін ертерек меңгереді деген тұжырымға келеді.

Қосымша әдебиттер:

1. Левитов, Н. Д. Развитие ребенка дошкольного возраста от 2 до 7 лет / Н. Д. Левитов // Левитов Н. Д. Детская и педагогическая психология. – М., 1964.
2. Выготский, Л. С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка / Л. С. Выготский // Вопросы психологии. – 1966.